

Референдум қорытындысы біздің мемлекеттіміздің тарихында мүдде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Президенті



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№85  
(20359)



9 маусым, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ҚАЗАҚСТАНДА РЕСМИ ТҮРДЕ ҮШ ЖАҢА ОБЛЫС ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 4 мамыр күні Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Жарлыққа қол қойған еді. Онда жаңадан үш облыс құру туралы айтылған. Құжат кеше, яғни 8 маусымнан бастап күшіне енді.



- 1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бескарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;
- 2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алақөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;
- 3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын» делінген Президент Жарлығында. Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелген еді. Сондай-ақ, ол 8 маусымнан бастап күшіне енетіні жазылған.

2-бет

## РЕФЕРЕНДУМ: ПІКІР-ПАЙЫМ

### ҚАЖЕТТІ ТЕТІКТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жексенбіде өткен референдумның нәтижесінде саяси жаңғыруды көздеген реформаларды халық растады және нығайта түсті. Бір ай көлемінде ел азаматтары негізгі конституциялық мәселелер туралы мұқият ойлап, нәтижесінде халық осы Конституциялық реформаның үш мақсатын түсінді деп ойлаймыз.

2-бет

## САПАР

# ЕБІН ТАПҚАН ЕЛДІҢ ЕГІНІ БІТІК әртараптандыру әлдене бастады



Биыл Сыр өңірінде тың серіп алған игі істер көп. Әсіресе, ауыл ессесі көтеріп, жұрт жағдайын жасауға мемлекет тарапынан тиімді кадам жасалады. Оған мысал көп. Соның бірі – аймақ басшысының тапсырмасымен ауыл тұрғындарын бақша егу кәсібін жұмылдыру. Оның мақсаты біреу-ақ. Облыстағы азық-түлік қорын көбейту және сырттан алатын өнімдерге деген тәуелділікті азайту үшін ұйымдастырылып отыр. Сөйсенбіде Жаңақорғанда болған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы мақсаттағы жұмыстармен танысты.

Ср Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы»

Рас, облыс әкімінің тапсырмасынан соң әр аудан және қалаға қарасты ауылдарда егін егуге арнайы жер дайындалып, түрлі дақылдар егіле бастады. Барлық жер көлемі 1454 гектар.

Ал Жаңақорған ауданына сапар барысында облыс басшысы Жайылма ауылдық округіндегі егістік алқабына барды. Шаруалармен кездесіп, пікірлесіп, Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов

Жаңақорғандықтардың 429 гектар жерге егін егіп жатқанын жеткізді. Дақылдардың 203 гектарын қосалқы шаруашылықтар, ал 226 гектары шаруа қожалықтарының күшімен егіліпті.

– Қазір ауданда 3003 отбасы 429 гектар жерге картоп, көкөніс, бақша өнімдерін егуде. Бұл қысқы азық-түлік қорын жасақтауда үлкен көмек болары сөзсіз. Біз бұрынғы егілген жердің жанынан қосымша егістік дайындауға тырыстық. Оның өз себебі бар. Өйткені онда тартылған суармалы жүйе, скважина қазу, электрмен қамту сияқты бұрыннан атқарылған жұмыстар бар. Халық бұны жақсы қабылдап, еңбек етіп жатыр. Ауылдықтардан

бөлек, Жаңақорған кенті маңынан да жер дайындалып, тұрғындар бақша өсіруде, – дейді аудан әкімі.

Облыс әкімі қазіргі кезде егісті әртараптандырудың маңызды екенін және әр ауылдың өзіндік ерекшелігін ескере келе, өнімділікті көбейту қажеттігін баса айтты. Сондай-ақ, арналарға су жеткізу, насос қондырғыларын уақытылы алу мәселесін жеделдетуді тапсырды.

«Жайылманың қарбызы» деген атаумен таныс өнімнің пісуіне де аз қалыпты. Бүгінде 18 гектар жерге «Жайылма» ауылындағы 120 отбасы бақша егуде.

– Біз екі отбасы болып дақыл тіктік. Былтыр ауыл маңынан 4 гектар қарбыз егіп, әр гектардан 50 тоннадан өнім алдық. Биыл су ташылығына орай 2 гектар қарбыз, қосымша 2 гектар картоп, сәбіз, қызанақ сияқты дақыл тұқымын тастадық. Бұған дейін таудан түсетін сулан суардық. Енді жерасты суын пайдаланамыз. Оны алуға арнайы электр

желісі тартылған. Жылда жер сауып, балалардың қысқы несібесін осылай еңбекпен тауып отырған жайымыз бар, – дейді жайылмалық Абай Көрпешбаев.

Мұнан соң облыс басшысы кентте салынып жатқан ұшақбатты 300 орындық мектеп құрылысымен танысты. Мердігерлермен сөйлесіп, құрылыс саласына қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Құрылысты «Авангард» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде.

Құрылыс жобаларын уақытылы әрі сапалы орындау – басты міндет. Енді әлеуметтік нысандарға бөлінген қаржыны мақсатты әрі тиімділігіне қарай бағыттау қатаң қаралады. Облыс әкімі мектеп құрылыстарына қатысты мердігерлерге осындай талап қойған еді. Жұмыс барысында жеті танысқан Нұрлыбек Машбекұлы мектеп салуда нақты қажеттілік ескерілу керектігін қаперге салды.

4-бет



## Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының хабары

### 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындылары туралы

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 31 және 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының ұсынған хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды:

- референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны – 11 734 642;
- дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 7 985 769 немесе 68,05 пайыз;
- референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 6 163 516 немесе дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызы;
- референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 1 490 470;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 205 924;
- 17 облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада дауыс беруге қатысқан

азаматтар мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берді.

«2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша референдум өтті, өйткені референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысты.

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдумға шығарылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды деп есептеледі, өйткені облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы оң шешімді жақтап дауыс берді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1-тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.
2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікке де болуы мүмкін.»
3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.»

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.»

2-бет

## ДАЛА ҚОСЫНДА

### Қанша күріш ектік?



Сырдың басты дақылы – күріш егісі біршама қысқарды. Басты себебі айтпаса да түсінікті. Сырдария өзенінің деңгейі жыл сайын төмендеп, көтерілмей тұр. Биыл да солай. Вегетациялық кезеңде өзен суында тапшылық боларын мамандар да үздіксіз айтты отырды. Айналып келгенде, облыс ауыл шаруашылығы дақылдарын егуде әртараптандыру жұмыстарын ілгерілеті бастады.

Былтыр аймақта 188 мың гектардан астам егін болса, биыл 185,6 мың гектарға түрлі дақыл егіледі деп болжанған. Ал негізгі өнім күріштің көлемі 78 мың гектардан асады. Былтырғымен салыстырғанда 5200 гектарға қысқартылған.

Ср Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы»

Ауыл шаруашылығы басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, қысқартылған күріш орнына малазықтық дақылдар мен бақша егу қолға алынған. Бұл 4700 гектар. Ал облыс бойынша егілген 78346 гектар Сыр салысы бүгінде толықтай суға бастырылыпты.

Жекеленген аудандар бойынша айтсақ, Мысалы, Жаңақорған ауданында 6300 гектар күріш егілген. Былтырғыдан 698 гектар кем. Ал шиеліктер қазір 11 мың гектар күрішті суға бастырып отыр. Былтыр олар 12 мың гектардан астам күріш егіп еді.

Оңтүстік аудандардағыдай мың гектарлап көлемді азайту өзге аудандарда да бар. Мысалы, Жалағаш жұрты былтыр 20 мың гектарға жуық күріш ескен еді. Биыл ол цифр көрінбейді. 1724 гектар жерді қысқартқан, 18 мың гектардан сәл асыған күріш дақылын орналастырған.

Ал оған іргелес Сырдария ауданында биыл қысқарту межесі көп емес. Бар-жоғы 149 гектар. Мұндағы егініш ағайын 21 мың гектарға жуық күріш егіп отыр.

4-бет

## МӘСЕЛЕ

### Алаяқтың құрығы ұзын, алайда...

Осыдан бірнеше жыл бұрын жақын туысым алаяқтың «тұзағына» түсті. Оқиға былай болған. Түс мезгілінде өзін полиция қызметкерімін деп таныстырған бөгде адам қоңырау шалады. «Сіздің баланыз рұқсатсыз қару алып жүргені үшін уақытша қамауда. Егер баланың шығарып аламын десеніз, осы нөмерге 100 мың теңге салыңыз» дейді. Артында баласына хабарласып, мән-жайды анықтамақ болған жақындырым оның ұялы телефонның сөніп тұрғанын біледі. Солден соң жанағы нөмерден қайта қоңырау шалып: «Мені шығарып алыңыздаршы» деп баласының дауысымен хабарласады. Ойлануға, жан-жақтан көмек не кеңес сұрауға

уақыт жоқ. Дерек алынған нөмірге ақшаның жартысын салып жібереді. Қалған ақшаны кімнен сұрайтынын білмей дегбірсізденіп тұрғанда балшық қызметкерімін деп таныстырған бөгде адам қоңырау шалады. «Сіздің баланыз рұқсатсыз қару алып жүргені үшін уақытша қамауда. Егер баланың шығарып аламын десеніз, осы нөмерге 100 мың теңге салыңыз» дейді. Артында баласына хабарласып, мән-жайды анықтамақ болған жақындырым оның ұялы телефонның сөніп тұрғанын біледі. Солден соң жанағы нөмерден қайта қоңырау шалып: «Мені шығарып алыңыздаршы» деп баласының дауысымен хабарласады. Ойлануға, жан-жақтан көмек не кеңес сұрауға



4-бет

# «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қызымыстық немесе өкімілік құқық бұзушылық жасауға кіршілі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.»

6. 42-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Ант беру қантардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың әкс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.»

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.»

5. 44-бапта:

1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жоюды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады.» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Ұлттық Банкінің Төрағасы, Жоғарғы Сот Кенесінің Төрағасы, Бас Прокуроры және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметке тағайындалды; оларды қызметтен босатуды;»

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:

1) 1-тармақтағы «Кенес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кенестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:

1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенаттың он депутаты, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.»

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.»

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпы бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайлауы өкілеттілігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.»

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутаты сайлаған саяси партия қызметіне тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутаты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.»

14. 53-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап тақылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үштен көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын ескерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары ескерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.»

1-бет

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кенестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:

1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Палаталардың бөлек бөлек мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал одан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап тақылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екінен көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын ескерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі ескермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.»

16. 55-бапта:

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғарғы Сот Кенесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;»

2) 3) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 56-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;»

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.»

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидаттар ұсынады.»

20. 61-бапта:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртібіне қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларда желден ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.»

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінше жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанды дауыс қолданыста болады.»

3) 4) және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алыны күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдамаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алыны күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жана редакцияда қабылдайды, және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік даусымен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдалған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жал-

пы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.»

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:

1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды.

Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.»

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «, конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кенес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқушылық, ғылыми немесе өзге ыңғармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның башы органының немесе байқаушы кенесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін өкімілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.»

7. 72-бапта:

1) 1) және 2-тармақтардағы «Кенес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.»

6. 73-бапта:

1) 1) және 2-тармақтардағы «Кенеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады.»

26. 74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгіленген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баяндайтын құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.»

2) 3-тармақтағы «Кенестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

28. 78-баптағы «Кенеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4) және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғарғы Сот Кенесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды.

5. Жоғарғы Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.»

6. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін өкімілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметі ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.»

5. 87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп даусымен алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге өкімілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзіннің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметтен босатуға құқылы.»

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері тиісінше Республика Президентінің не өзге де өкімілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.»

33. 88-баптың 4-тармағындағы «Президенті» деген сөз алып тасталсын.

34. 91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді.»

2) 3-тармақтағы «Кенестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. Мынадай мазмұндағы 99-баппен толықтырылсын:

«99-бап

1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.

Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1) және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

2. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.»

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жана тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше кө

ИРАНБЕК ОРАЗБАЕВ-75

Тау тұлғалы, тарлан мінезді талант иесі

Ұлы дала сарынымен жеткен сонау Қорқыт баба мұрасынан бастау алатын Сыр сұлейлерінің тасқа басып қалдырған тылсым сырлы дүниесі тарихымыздың алтын қорына айналды...

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы».



Қай заман тұрғысынан қарасақ та, акын – өз дәуірінің жаршысы, адалдық пен ақиқат жолындағы айнымас күрескер, адами асқақ сезімді жырлап, өмірдің шынайы келбетін кестелетін суреткер. Сондай-ақ, елдің тарихы мен ұлттың боп-боп басын жатқандықпен ұлттың боп-боп басын жатқандықпен ұлттың боп-боп басын жатқандықпен...

мәңгіліктің өлмес күйін шертіп, бірде қобыз болып күңіреніп, бірде көктем болып көгеріп, бірде теңіз боп тасып, бірде шөл боп құарып жүріп азап аркалап, қызыл-жасыл дүниенің қызығына арбалып, шыңығына күйіп келе жатқан бір акын болса, ол – Иран-Ғайып деген екен. Шыңдығында, акын жырларынан жан жүрегін сыздатқан замана шері, алас ұрған ой, арпалысқан сезімді аңғарасыз.

жатырын үш жыл мекен еткен ол дүниеге келгенде жер бетін үш күн, үш түн қараңғылық басқан дейді. Поэмадағы былайша бейнелеу соның көрінісі: – Топырақты басынып, кара жерді су алды, Екі аяқты, жұмыр бастының зәре-құтын ұшырып, Салып тудым вланды. Мен келген сен сөккенді ме, ес көрді ме затымды, Қорқыт қойды ел атымды... Қорқыттың жан серігі – қылқобыз. Ұлы даланың тылсым сырынан терең ой түйіп, тәңір қалауын, заманының зар-мұңын қобызына қосылып, сарнатып төгеді. Осынау шығармаларын өмірге ежелу арқылы өнер дейтін құндылықтың көзін тапты. Ал, өшпес өнер туындысын қалдырған адам өмірден өтсе де, оның рухы мәңгі жасай беретініне бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы Қорқыт мұрасының бүгінге дейін жетуді дәлел емес пе?!

редакциялық-репертуарлық коллективінің бас редакторы қызметтерін атқарған. Қазақтың мемлекеттік Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар мен балалар театрының әдебиет бөлімін басқарған.

Ақынның «Жүрек жырлайды» атты алғашқы жыр жинағы 1974 жылы жарық көрсе, одан кейін «Тың құрбаны», «Хайуанлық комедия», «Күшігінен танған», «Мен ішпеген у бар ма?», «Батқан кемеңіз бейбақтары», «Желжуан», «Құдай қарғағандар», «Жамбылдың қызыл жолбарысы», «Негізгі шаруа», «Қанына тартқан қырлар», «Алтын адам», «Алтын ажал», «Киелі күн», «Хан – Абылай – Сабалақ», «Жәбекшаған», «Гүл Нәр», «Театр Романы», «Қорқыттың көрі», «Мауглидің оралыуы», «Махамбет», «Қашғария», «Былыққа батқан қала», «Керектен» атты драмалық дастандары оқырманға жол тартты, оң бағасын алды. Ал «Гүлазат» (1983), «Царь слова» (1984), «Наследник» (1988) атты кітаптары орыс тілінде жарық көрді. Сонымен бірге, ақынның 1990 жылы жарыққа шыққан үш томдық, ал 2006 жылы шыққан 13 томдық таңдамалы шығармалары қазақ әдебиетіне қосылған үлкен қазына болғаны сөзсіз. Сондай-ақ, «Шыңғыс хан», «Абылай хан», «Қорқыттың көрі» сынды бірнеше драмалық шығармалары қазақ театрларының әрі алып, шір елдерде сахналанды.

Ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Серік Ақсұңқарұлының сөзімен түйіндесек: «Ол өртейт боп лаулап, оттай маздады, Күйімен деп күл боп кете жаздады...»

Иран-Ғайып та өзі өмір сүріп жатқан қоғамның ақиқатын жырлап, жанын толқытқан ащы шындықты тайсалмай төгіп салады. Ақын кейде арнасынан асып, өлеңнің аясына сыймаған ойын драма жанрында жеткізеді. Автордың айтуынша, «Мен ішпеген у бар ма?» шығармасында Абылайдың айналасындағы кейіпкерлер арқылы Тәуелсіздік жолындағы қазақ жастарының көтерілісін, оларға деген отаршыл өкіметтің аяусыз жазалау әрекетін көрсетуге тырысады. Шығарманың соңғы жағында: – Абай десем, есіме тегім түсер, Есем кеткен ескіге кегім түсер. Абай десем, қараңғы халық деймін, қайғылы алып деймін, қамаулы жарық деймін – Абай десем! – деп ұлттың жарқын болашағын аңсап, сол жолда мыңмен жалғыз алысып, айналасындағы ой-санасы қараңғы жұрттың талауына түскен ұлы ақынның тағдырын тап басып танытуға тырысып, ол кешкен күйді өз басынан өткеріп, замана шерін толғайды.

Қазақтың көрікті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ғалым Жайлыбай: «Қазақтың қара өлеңіне қара нардай жүк теңдеп,

жат көзге бұрқыраған, Жаракатым ішімде, сыртым аман. Күндіз күліп жүремің көппен бірге, Түнде сары сүйегім сырқыраған – Кезін аңсап табысқан, шұрқыраған, – деп толғанады ақын. Бұл – әлбетте, ақынға тән мінез.

Ақын Иран-Ғайып 2002 жылы «Қорқыттың көрі» атты жыр кітабы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Бұл ақын шығармашылығына берілген әділ баға болатын.

Қорқыт ата – жалпы түркі жұртына ортақ тарихи тұлға. Халық аузындағы аңыз бойынша замана күйін толғанып, мәңгілік өмір сырын іздеген ол кең дүниені кезіп кетеді. Алайда Қорқыт қанша жыл қашса да, ажалдың құрығынан құтылмайды. Біле білсек, мұның астарында терең философиялық түйінді ой жатыр. Ал, Қорқыт бабаның мәңгі қоныс тапқан жері – Сыр өңірі. Демек талант иесінің бұл тақырыпқа қалам тартуы бекерден-бекер емес.

Қорқыт жайында аңыз халық арасында кең таралған. Оның өмірге келуінің өзі бір тылсым сырға толы. Анасының

Иран-Ғайып (Иранбек Оразбаев) 1947 жылы Сырдария ауданы, Абай елді мекенінде туған. Облыс орталығындағы Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернатында оқыған ол Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне түсіп, 1970 жылы тәмамдайды. Аларада ол жыл өткенде, яғни, 1980 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсын бітіріп, шығармашылыққа шындап бет бұрды. Еңбек жолына келер болсақ, әр жылдары Қызылорда облысы бойынша «Білім» қоғамында референт, Алматы қаласындағы, «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде поэзия бөлімінің меңгерушісі, ҚР Білім, мәдениет комитетінің

Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда алудың ыңғайлылығы

Елімізде күрделі салалардың бірі – жер қатынастары саласы екендігі белгілі. Осыдан 10-15 жыл бұрын белгілі бір мақсатқа жер учаскесін рәсімдеу үшін айлап-жылдап уақытым кетті дейтін азаматтар көптеп кездесіп жататын. Қазіргі таңда, жер учаскесін рәсімдеу бойынша жер қатынастары саласын цифрландыру мәселесі қолға алынып, қызмет көрсету және өтініштің қаралу мерзімдері едәуір қысқартылды. Сонымен қатар, бірқатар қызметтерді электронды алу мүмкіндігі қолданысқа енгізіліп, құжат рәсімдеу мәселелері оңтайландырылды.

Жалпы, бүгінгі күнге жер қатынастары саласы бойынша жергілікті атқарушы органдармен (әкімдік) және уәкілетті органдармен (басқарма, бөлім) көрсетілетін 10 қызметтің жетеуі е-воп порталы арқылы өтінім жолдап қызмет алуға қолжетімді. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Жер заңнамасында көзделген күздіреті негізінде жергілікті жердегі әкімдіктермен Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге тиым беру», «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру», «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрлендіріп және ауыстыруға түпкілікті шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» және «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметін көрсету қиғдаларына сәйкес қызмет көрсетіледі ал, жергілікті жердегі жер қатынастары саласындағы құрылымдық бөлімшелермен «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мен «Бүгінгі жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік қызметін көрсету қиғдаларына сәйкес мүдделі жеке және заңды тұлғалар өтініммен жүтінген

Қосымша сұрақтар бойынша 8 /7242/ 60-53-34 нөміріне хабарласуға болатындығын назарларыңызға саламыз. Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

Жадымызда сақталар жарқын бейне...



Беу, жалған дүние-ай... Тағы бір қазалы жананат хабарымен жан-жүрегімізді дір еткіздің-ау... Біздің жаны жайсаң, ақжарқын бабаларымыздың бірі, балдызымыз Гүлназидың Құдай қосқан қосағы, балалары Ербол мен Мадиярдың, Сымбаттың сүйікті әкесі, келіні Аяжан мен балдай тәтті немересі Еркежанның атасы, ҰҚК қызметінің отставкадағы подполковник Сүлейев Алматы Төлегенұлы 4 маусым күні 55 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды. Марқұм Алматы Төлегенұлы мектеп бітіріп, азаматтық борышын өтеп, әскер қатарында болды. Кейін Қызылорда пединститутының физика-математика факультетін тәмамдады. Сол заманның кадрлық іріктеу талабына сай Қызылорда облыстық Ұлттық Қауіпсіздік департаментіне қызметке қабылданып, белгілі дәрежеде лайықты қызмет жасады. 2015 жылы үлкен абыроймен запастағы офицер ретінде зейнеткерлікке шықты. Ынтымақты отбасы, ағайынның жанашыр қамқоры болып елмен қатар бейбіт-бейкам өмір сүріп жатыр еді... Жаратқанның бұйрығы осылай болды ма, бойын алған айықпас дерттің ақырындап азаматты өмірімен қолтасу шеңберіне қарай тарта бергенін қатар жүріп біз байқамапыз. Жарық дүниеден таттар дәмін таусылса, құдіретті Алланың шарасына істер амаалың бар ма?! Марқұм бажамыздың өмірден озына байланысты зайыбы мен балаларына, барлық ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреміз. Тәңірден Алматы Төлегенұлының тірлігінде адал зат басына жасаған барлық жақсылығының о дүниеден шапағат-нұр, мәңгілік мекенінің жұмақ-пейіштен болуын тілейміз.

Балдыздары, бажалары.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Көп бейінді облыстық ауруханасының ұжымы аурухананың №1 терапия бөлімшесінің дәрігері Мақатова Данара Мұратқызына әкесі, денсаулық сақтау саласының ардагері, дәрігер Мақатов Мұрат Болатұлының қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖОБА

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы №558 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшем шарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы №558 «Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшем шарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №28110 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізіледі:

бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулының заңнамалық белгіленген тәртіпін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін. 3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін. 4. Осы қаулының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Table with 2 columns: «КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі and Н. Нәлібаев. Includes text: Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысына қосымша Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «17» мамырдағы №558 қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Table with 5 columns: №, Субсидиялау бағыты, Өлшем бірлігі, I бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, тенге, Субсидия көлемі, Субсидия сомасы, мың тенге. Contains multiple rows for different subsidy types and amounts.

Ескертпе: Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-текстік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік баланың, асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдык нысандағы тәуліктік баланың, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады. Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрпағын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды. Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қойларды тауарлық табына/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибуторлік орталықтар қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды. Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.



# ЕБІН ТАПҚАН ЕЛДІҢ ЕГІНІ БІТІК

– Демографиялық өсімнің нәтижесінде мектепке баратын балалар саны артып келеді. Соған сәйкес, біз талдау жасап, нақты қажеттілікті шығаруымыз керек. Қаладағы бірқатар мектепті аралап шыққанда байқағанымыз, бала саны өте көп білім ошақтарының аумағында бос жерлер бар. Ал, керісінше бала аз аймақтарға тым көп сыйымдылықтағы мектептерді салып қоямыз. Бұл дұрыс есептің жоқтығынан туындайды, – деді облыс басшысы.

Айта кетейік, алдағы 3 жылда облыста 32 мемлекеттік және 9 жекеменшік мектеп салынатын болады. Оның ішінде 2 білім ордасы апатты мектептердің орнына салынбақ.

Жаңақорған сапарында аймақ басшысы «Талдысу» балалар тынығу лагерінің жұмыс барысымен танысты. 300 орындық демалыс орны екі қабатты типтік жобадағы 4 корпусдан тұрады. Жазғы демалыста тынығу, сауықтыру қызметімен бірге, қосымша білім алуға және бос уақыттың көңілді өткізуге арналған түрлі іс-шаралар өтеді.

– Мен Қармақшы ауданы, Ақай ауылынан келдім. Сондағы Е.Көшербаев атындағы №279 мек-



теп-лицейінің 8-сынып оқушысымен. Лагерге үздік оқығандықтан тегін демалуға жіберді. Мұнда келгенімізге бір апта болды, уақыт та тез өтуде. Өйткені, ұйымдастырушылар мен тәрбиеші ағай-апайлармен бірге үніміз қызықты өтуде. Түрлі шаралар, концерт, тауға саяхат, бассейнге шоубыс біз үшін өте керемет болды. Бес мезгіл тамақ беріледі, жатын орын да тап-таза, – дейді өз қуанышын бөліскен Мерей Ахметова.

Облыс әкімі лагерінің асханасы мен оқушылар сарайын аралап, балалармен тілдесіп, олардың танымдық шараларын қамтылуына ден қойды. Лагер жұмысына қазан-сәуір аралығында балаларды 7 аусымда олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, пәндік жарыстарға дайындайды. Облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов «Талдысу» лагерінен бөлек, «Қамбаш» қосымша білім беру және олимпиадалар



орталығының қысқы уақытта жұмысын жандандыру үшін бюджеттен қосымша қаржы қарауды сұрады.

Айта кету керек, жазғы тынығу лагерлерінің жұмысы тек маусымдық уақытта емес, жыл бойы жүруі қажет. Облыс әкімі өңірдегі бірқатар лагер жұмысын сығана алып, олардың тек маусымдық кезде ғана жұмыс істеп, қалған уақытта бос тұратынын айтып, сала басшыларына нақты тапсырма берді.

– Егер осы лагерлерде балалардың біліміне, олардың түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстарда жеңімпаз атануына бағытталған жұмыс атқарылса, міндетті түрде оған қаржы бөліміз қажет. Бірақ, қаржы бөлінген соң орталықтардың жыл бойы үздіксіз жұмыс істеуі қадағалануы тиіс, – деді облыс әкімі.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ



**Балалар жылы**  
2022

Н.Бексезенов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Балалар жылына» орай «Ер Төстік» қойылымы сахналанды. Сұрау Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

## «ЕР ТӨСТІГІМ» – БІР ТӨБЕ



Халық ертегісінің негізінде сахналанған спектакль жас ұрпақты адал достыққа, отансүйгіштікке, қайырымдылық пен адамгершілікке тәрбиелейді. Сондай-ақ, балалардың бойына махаббат, ізгілік секілді маңызды құндылықтарды сіңіруге ерекше рөл атқарады.

Спектакльдің авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бегманов. Режиссері – Алматы қаласы мемлекеттік куыршақ театрының режиссері Еркебұлан Қабыл, қоюшы суретшісі – Нұркен Қалымбетов, музыкамен көркемдеген – Нұрсұлтан Төреәлі, хореографтары – Аида Тасымбетова.

Ер Төстік – халық тіліне өте бай, қиял-ғажайып ертегілердің бірі. Сегіз ағасын іздеп шыққан Төстік ерлік сапарында жолында кездескен барлық кедергілерді достарының көмегімен жеңіп шығады. Жаңашыл идея мен ұлттық құндылықтарды байланыстыра білген режиссер балалардың ертегілер әлеміне сапар шегуіне мүмкіндік туғызды. Автордың мақсаты – жас ұрпақтың санасына досқа адалдықты, қайсарлықты, батырлықты дарыту. Қазіргі балаларды ұлттық рухта тәрбиелеуде «Ер Төстік» секілді халық ертегісінің маңызы ерекше екені белгілі.

– Бұл ертегі кішкентай көрермендерге адам бойындағы мейірімділік, батылдық сынды қасиеттердің маңызы екенін көрсетеді. Достық пен әдептілік деген сенім балалардың нағыз патриот болуына септігін тигізеді. Қазіргі балалар Бәтмен мен Ермекші адамды жақсы біледі. Дегенмен бізде де шетелдік кейіпкерлерден кем түспейтін тіпті, олардан асып түсетін өз кейіпкерлеріміздің бар екенін ұғынуы тиіс, – деді қойылым режиссері Еркебұлан Қабыл.

Ерекше сахналанған спектакльді бүлдіршіндер мен ата-аналар ықыласпен тамашалады. Балалардың бал-бұл жанған жүзінен ертегінің жоғары деңгейде қойылғанын білуге болады.

– Маған спектакль қатты ұнады. Кейіпкерлер өз рөлдерін тамаша сомдап шықты. Бұл ертегіні кітаптан оқыған едім. Сахнадан көзбен көрген керемет екен, – деді кішкентай көрермен Назерке Дарханқызы.

– Қойылым балаларға керемет тарту болды. Азынан кешке дейін телефоннан көз алмайтын балалар үшін сахналық қойылымның тәрбиелі мәні мол. Қазықтан төл туыңдарыңды көріп отырып бала еліне жақын аштың азаматқа айналды. Сол себепті шығармашылық топқа алғыс айтамын. Осындай мән-мағынасы бар дүниелер көп болсын деген ұсыныс білдірген келеді, – деді ата-ана Анар Қайырбекқызы.

Шығармашылық топ осылайша көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ертегі кейіпкерлерін шынайы етіп көрсету кез келгенін қолынан келмейді. Бұл – өнер ұжымының қасиеті берілігін дәлел.

Ал, Сыр сахнасындағы спектакль поэтикалық драма жанрында сахналанды. Осы арқылы турған жерге, дос-бауыр, жақындарға деген адалдықты көрсетті. Бұл – буыны енді бекітпек келе жатқан бүлдіршіндер үшін рухани азық. Жаңа Қазақстанның жас буын өкілдерін осындай рухани дүниелермен тәрбиелеу – бүгінгі күннің талабы.

Жайна РАХМЕНОВА,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ мектеп-лицейінің  
кітапхана меңгерушісі

## Қанша күріш ектік?

Былтыр ауыл шаруашылығы бойынша «Үздік аудан» атанған Қармақшы ауданында да егістік көлемі көп кемімеген. Өткен жылғымен салыстырғанда күріш 383 гектарға аз егілген. Мұнда биылғы күріштің алқап 12773 гектар. Сондай-ақ Қазалыдағы шаруалар 6361 гектар жерге басты дақылды орналастырып, 226 гектар жерді қысқартқан.

Облыс орталығы – Қызылорда қаласына қарасты шаруашылықтарда егілген күріш 3 мың гектардан асып жығылды. Дикандар өткен жылмен салыстырғанда мың гектардан астам егістік жерді шектеп отыр.

Тағы да қайталайық, басты себеп – судың аз деңгейде келуі. Шаруа ағайынды қысқан ең бірінші мәселе осы. Биыл егінге қажетті ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы толық жеткілік-

ті. Сондай-ақ, егілетін күріш үшін 21 мың тонна жоғары репродукциялы тұқым дайындалыпты.

Біздің күріш сорттарының көбі ресейлік. Мысалы, күріш тұқымының 90 процентін ресейлік сорттар құраса, қалған 10 проценті отандық. Иә, көбісі «Лидер» егеді. Бұған қосымша «Янтарь» мен украиналық «Преміум» сорты да бар. Отандық тұқым дайындауда әзірше біршама ілгерілеу бар. «Өйгерім», «Сыр сұлуы» сияқты сорттар әр шаруашылықта егіліп жүр.

Сонымен қатар, биылға қажетті 53 мың тонна минералды тыңайтқыш және 80 мың литрден астам гербицидтің 39,1 мың литрі сатып алынған.

Бір қуанарлығы, аймақта 76 күріш ақтау зауыты жұмыс істейді. Оның 47-сі ірі, қалғаны шағын зауыт қатарында. Бұлардың қуаттылығы қамбаға түсер бағыт күрішті өндуге толық жеткілікті.

Екінші атап өтер жағымды жаңалық – экспорттың әлеуеті. Аймақта жыл өткен сайын ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемі артқан. Бүгінгі күнге облыстан 9,7 млн долларға құрайтын 22 мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдері сырт елдерге тасымалданған.

Бұның ішінде күріш, балық өнімдері, бидай қалдығы және қамысты айтуға болады. Экспортталған өнімнің ішіндегі ең өтімдісі күріш болып отыр. Сырт елдерге сатылымға шығатын өнімнің 90 проценттен астамы осы дақылға тиесілі. Мысалы, жыл басынан бері 20400 тонна күріш экспортталыпты.

Айта кету керек, Сыр күріші әлемнің 17 еліне тарауда. Оның ішінде Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан, Монғолия, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина, Грузия, Түркия және Ирак мемлекеті де бар.

## ● АКЦИЯ

Кітап оқуды ойлы адам бойып қалыптауға маңызы зор. Білімімізді молайтады, одан көп үлгі-өнеге мен тәрбие аламыз. Мемлекет басшысы кітап оқу мен кітапханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін атап өткені мәлім.

## Кітапханаға сыйлық жасады

Президент тапсырмасына сәйкес «Кітап оқитын мектеп – оқитын ұлт» жана жобасы қолға алынып, іске асырыла бастады. Бұл рухани акцияға үн қосу үшін облыс орталығындағы М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің 11 «Ә» сынып оқушылары «Кітапханаға кітап сыйла» іс-шарасын өткізді.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек. Осы орайда кітапхана қорын әр саладағы көркем әдебиеттермен толықтыру, жас оқырмандарға қазак әдебиеті классиктерінің шығармаларын насихаттау, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу, оқырмандарды кітап оқуға баулу мақсатымен бітіруші

оқушылар кітапханаға кітаптар тарту етті.

Кітапхана қорын жана шығармалармен толықтыруға бағытталған бағалы бастама басқа да жанашыр жандардың тарапынан кенінен қолдауға ие болды. Алда оқушыларға бос уақыттарын тиімді пайдаланып, үнемі іздену арқылы тұрғылық болмысын дамыту үшін жаңаша жетістіктерге жетелейтін көркем әдебиеттер мен ғылыми әрі танымдық кітаптарды жиі оқуды тұрақты дәстүрге айналдырса, уақыттың үдерісінен табылары даусыз.

Жайна РАХМЕНОВА,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ мектеп-лицейінің  
кітапхана меңгерушісі

Иә, рас мұндайда қазақ «екі көзіңнің біріне сенбе» дейтін. Демек көзбен көріп тұрған нәрсенің өзі екі түрлі болып шығатынын айтса керек. Ал көзбен көрмей, қолмен ұстамаған дүниеге тіпті сенбеген дұрыс. Тіпті еш шіміркіпестен өздерін полиция қызметкерімін деп таныстырып, неше түрлі оқиғаны ойлап тауып, аңқау жұртты алдап соғуда. Арбаудың жаңа әдіс-тәсілін ойлағанша, көптің игілігіне жарайтын бір техника шығаруға болмас па еді дейсің. Өйткені мұндай алаяқтық қылмыстар күн сайын көбейіп барады.

Екі жылғы карантин адамдарды онлайн сауда-саттыққа, үйде отырып барлық қызметті интернет арқылы алуға болатынын үйретті. Уақытты тиімді пайдалануға бұл қажет еді. Бірақ қауіпсіздікті естен шығардық. Сөйтіп, компьютерде түрлі бағдарламаны терең игерген алаяқтар үйінде отырып ойлағанын іске асыра бастады. Айталық, республика көлемінде өткен жылы мұндай қылмыс 14220-дан 21405-ке, яғни 50%-ке артқан. Ал облыс бойынша 316 алаяқтық қылмыстың 160-ы немесе 50 проценті интернет арқылы іске асқан.



### АЛАЯҚТЫҢ ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН, АЛАЙДА...

Облыс прокуратураның орынбасары Нұрлан Ермановтың айтуынша, облыста биылғы 5 айда тіркелген 36 қылмыстық іс сотқа жолданып, 18 іс бойынша 20 сотталушыға айыптуу үкімі қабылданған. Оның ішінде 8-і әйел, 15-і ер адам. Сотталғандардың 9-ы бас бостандығынан айырылса, 8-і бас бостандығын шектеліп, 3-і айыппұл арқалаған.

Алаяқтар көбіне жер алып беремін, үй кезегін жылжытып баспанаман қарық қыламын деп, онсыз да күнін әрең көріп отырған жұртты тақырға отырғызып кетеді. Қазастың қанында аңқаулық бұрыннан бар. Біреу жылы сөйлесе, имандай сеніп қалатынымыз тағы бар. Демек әдемі сөйлей алу, танымайтын адамның сеніміне кіру де алаяқтардың амал-шарғысы

болса керек-ті. Мұндайлар тіпті Алдаркөсенің өзін шаң қаптырып кетер ме дерсің. Алаяқтық қылмысты жасайтындардың 70 процентін әйелдер құрайтынын естігенге жаға ұсталдық. Ұлтарактай жер алу, жылдар бойы оның кезегін күту үшін бірнеше жылдар керек. Білгеніңіз, 2005 жылғы арыз негізінде әлі жер беріліп бітпеді. Сарыла күткен жұрт

алайққа алданбай қайтсін? Мәселен, Шилел аудандық сотының үкімімен Н.Қ. есімді азамат «жер учаскесін алып беремін» деп алаяқтық қылмысын жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылған.

Осы ауданнан тағы бір мысал келтіре кетейік. Үй алып беремін деп жәбірленушінің 560 мың теңгесін алғаны үшін М.Қ. есімді азаматша ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігі негізінде кінәлі деп танылып, 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесілген.

Облыстық прокуратураның мәліметінше, жер алып беремін дейтіндер ішінде осы саланың тұтқасында отырған қызметкерлер де бар. Айталық, Қызылорда қаласының жер қатынастар бөлімінің басшысы және кейіннен осы сектордың меңгерушісі жер учаскесін алып беремін деп жәбірленушіден 1300000 теңгесін алдап алған. Ол да жазадан құтылмады. №2 қалалық соттың шешімімен 3 жылға бас бостандығынан айырылған.

Таяқтың екі ұшы барын ескерсек, мемлекеттік қызметкерге жеңілдету жолдарын қарастыруға берген сыйақы үшін өзіңіздің де ҚК-нің 367 бабында «пара беру» фактісімен

қылмыстық жаза көзделгенін біле жүрген дұрыс.

Жалпы сот шешімімен көбі жер, үй, несие рәсімдеймін, жұмысқа орналастырамын, көлік жүргізу куәлігін алып беремін деп алаяқтық жасағаны үшін тиісті жазаларын алған.

Бүгінде елімізде банктің атын жамылып, өзгенің ақшасына қол сұғатындар көбейді. Алаяқтар өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, ұялы телефонға келген құпия кодты сұрайды. Егер еш мағынасына түсінбей, құпия сөзді айтсаңыз, бар жинаған ақшаңыздан айрыласыз. Өзін белгілі бір банктің өкілі ретінде таныстырып, адамның іші-бауырына кіріп сөйлескенде оның құйтырқы әрекетіне қалай алданғанын да білмей қалатындар аз емес. Мысалы, «сүздің атыңызға 500 мың теңге рәсімделіп жатыр». Банктің қауіпсіздік қызметкерімін деп қарточқаныңдыз 16 санын және «CVV» үш санды кодын сұрап, бүкіл мәліметіңізге қол жеткізеді. Солай болса біреудің атынан несие рәсімдей бастайды.

Сонымен қатар интернет арқылы тапсырыс берген зат жеткізілмей жатып, белгісіз адамға ақша аударуда да сақ болған жөн. Мәселен, OLS

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес  
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.